

**Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің нысанды киімінің сипаттамасын, айырым белгілерін, сондай-ақ оны киіп жүру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 4 шілдедегі № 266 бұйрығы.

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 174-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің нысанды киімінің сипаттамасы, айырым белгілері, сондай-ақ оны киіп жүру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр және тәрбие жұмысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

2) ресми жариялағаннан кейін осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр және тәрбие жұмысы департаментіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр генерал-майор*

*Ш. Әрінов*

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар  
министрінің  
2025 жылғы 4 шілдедегі  
№ 266 бұйрығымен  
бекітілген

**Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің нысанды киімі сипаттамасы, айырым белгілері, сондай-ақ оны киіп жүру қағидалары**

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Осы азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің сипаттамасы, айырым белгілері, сондай-ақ нысанды киім кию қағидалары "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 174-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің (бұдан әрі-қызметкерлер) сипаттамасын, айырым белгілерін, сондай-ақ нысанды киімін кию тәртібін айқындайды.

2. Осы сипаттамаларда, айырым белгілерінде, сондай-ақ қызметкерлердің нысанды киімін кию қағидаларында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) нысанды киім – белгіленген үлгідегі нысанды және арнайы киім-кешек: киім, аяқ киім, амуниция, фурнитура;

2) айырым белгілері – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне (бұдан әрі-ТЖМ) арнаулы атақтар мен тиесілікті білдіретін нысанды киім жарағының элементтері;

3) айырым белгілері – қызметкер марапатталатын мемлекеттік және ведомстволық наградалар, төсбелгілер;

4) погондар – тиісті арнаулы атақтарды белгілейтін қызметкерлердің нысанды киіміндегі айырым белгілері;

5) шеврондар – қызметкердің ТЖМ тиесілігін айқындайтын, түрлі-түсті комбинациялармен, суреттермен және жазулармен ерекшеленетін жеңдік айырым белгілері;

6) төсбелгілер – мәтіндік жазулармен және түс комбинацияларымен бір-бірінен ерекшеленетін айырым белгілері.

3. Қызметкерлердің нысанды киімдерінің түрлері:

жоғары, аға және орта басшы құрамның - салтанатты, күнделікті және арнайы;

қатардағы және кіші басшы құрамның, курсанттардың – салтанатты және арнайы.

4. Нысанды киімдердің әрқайсысы жазғы және қысқы болып бөлінеді.

## **2-бөлім. Қызметкерлердің нысанды киімінің сипаттамасы**

### **1-тарау. Жоғары басшы құрам қызметкерлерінің нысанды киімі**

5. Салтанатты нысанды киім:

1) жазғы (1-сурет):

қара жусан түсті фуражка;

сұр түсті екі қатар түймелі мундир және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті шалбар;

сұр түсті екі қатар түймелі мундир;

ақ түсті ұзын жеңді жейде;

қара түсті аяқ киім;  
алтын түсті аксельбант;  
алтын түсті белбеу;  
қара жусан түсті галстук;  
алтын түсті галстук қыстырғыш;  
ақ түсті қолғап;

2) қысқы (1 және 2-суреттер):

сұр түсті қаракөл құлақшын;  
қара жусан түсті жылы күрте;

сұр түсті екі қатар түймелі мундир және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті шалбар;

сұр түсті екі қатар түймелі мундир;  
ақ түсті ұзын жеңді жейде;  
қара түсті аяқ киім;  
алтын түсті аксельбант;  
алтын түсті белбеу;  
қара жусан түсті галстук;  
алтын түсті галстук қыстырғыш;  
қара түсті жылы қолғаптар;  
қара жусанның түсті – салтанатты кашне.

6. Күнделікті нысанды киім:

1) жазғы (3 және 4-суреттер):

қара жусан түсті фуражка;  
қара жусан түсті китель мен күрең түсті жиектері бар шалбар;  
ақшыл жусан түсті ұзын жеңді жейде;  
ақшыл жусан түсті қысқа жеңді жейде;  
қара түсті аяқ киім;  
қара жусан түсті галстук;  
алтын түсті галстук қыстырғыш;  
қара жусан түсті бейсболка;

қара жусан түсті қысқа және ұзын жеңді күртелер, қара жусан түсті шалбар (кеңсе формасы);

зәйтүн түсті футболка;  
ақ түсті футболка;

2) қысқы (2 және 4-суреттер):

қара жусан түсті жылы күрте;  
сұр түсті қаракөл құлақшын;  
қара жусан түсті китель мен күрең түсті жиектері бар шалбар;  
ақшыл жусан түсті ұзын жеңді жейде;

қара түсті аяқ киім;  
қара жусан түсті галстук;  
алтын түсті галстук қыстырғыш;  
қара жусан түсті бейсболка;  
ұзын жеңді күрте және қара жусан түсті шалбар (кеңсе формасы);  
зәйтүн түсті футболка;  
қара түсті жылы қолғаптар;  
қара жусан түсті кашне.

7. Арнайы нысанды киім:

1) жазғы (5-сурет):

бүркеніш түсті күрте мен шалбар;  
зәйтүн түсті футболка;  
белгіленген түстегі қысқа қонышты аяқ киім;  
белгіленген түстегі биік қонышты аяқ киім;  
бүркеніш түсті жазғы бас киім;

2) қысқы (6-сурет):

ұзартылған күрте және бүркеніш түсті шалбар (жартылай комбинезон);  
зәйтүн түсті футболка;  
қара түсті аяқ киім;  
бүркеніш түсті бас киім;  
бүркеніш түсті балаклава.

## **2 тарау. Аға және орта басшы құрам қызметкерлерінің (ерлердің) нысанды киімі**

8. Салтанатты нысанды киім:

1) Жазғы (7-сурет):

қара жусан түсті фуражка;

сұр түсті екі қатар түймелі мундир және қара жусан түсті шалбар (полковниктер үшін);

бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті шалбар;  
ақ түсті ұзын жеңді жейде;  
қара түсті аяқ киім;  
алтын түсті аксельбант;  
алтын түсті белбеу;  
қара жусан түсті галстук;  
алтын түсті галстук қыстырғыш;  
ақ түсті қолғап;

2) қысқы (7, 8 және 9-суреттер):

қара жусан түсті жылы күрте;  
сұр түсті қаракөл құлақшын (полковниктер үшін);

қара жусан түсті құлақшын;

сұр түсті екі қатар түймелі мундир және қара жусан түсті шалбар (полковниктер үшін);

бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті шалбар;

ақ түсті ұзын жеңді жейде;

қара түсті аяқ киім;

алтын түсті аксельбант;

алтын түсті белбеу;

қара жусан түсті галстук;

алтын түсті галстук қыстырғыш;

қара түсті жылы қолғаптар;

қара жусан түсті кашне.

9. Күнделікті нысанды киім:

1) жазғы (10 және 11-суреттер):

қара жусан түсті фуражка;

бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті шалбар;

ақшыл жусан түсті ұзын жеңді жейде;

ақшыл жусан түсті қысқа жеңді жейде;

қара түсті аяқ киім;

қара жусан түсті галстук;

алтын түсті галстук қыстырғыш;

қара жусан түсті бейсболка;

қара жусан түсті қысқа және ұзын жеңді күртеше, қара жусан түсті шалбар (кеңсе формасы);

зәйтүн түсті футболка;

ақ түсті футболка;

2) қысқы (8, 9, 10 және 11-суреттер):

қара жусан түсті жылы күрте;

сұр түсті қаракөл құлақшын (полковниктер үшін);

қара жусан түсті құлақшын;

бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті шалбар;

ақшыл жусан түсті ұзын жеңді жейде;

қара түсті аяқ киім;

қара жусан түсті галстук;

алтын түсті галстук қыстырғыш;

қара жусан түсті бейсболка;

ұзын жеңді күрте және қара жусан түсті шалбар (кеңсе формасы);

зәйтүн түсті футболка;

қара түсті жылы қолғаптар;

қара жусан түсті кашне.

10. Арнайы нысанды киім:

1) жазғы (12-сурет):

бүркеніш түсті күрте мен шалбар;

зәйтүн түсті футболка;

белгіленген түстегі қысқа қонышты аяқ киім;

белгіленген түстегі биік қонышты аяқ киім;

бүркеніш түсті бас киім;

2) қысқы (13-сурет):

ұзартылған күрте және бүркеніш түсті шалбар (жартылай комбинезон) ;

зәйтүн түсті футболка;

қара түсті аяқ киім;

бүркеніш түсті бас киім;

бүркеніш түсті балаклава.

### **3-тарау. Аға және орта басшы құрам қызметкерлерінің (әйелдердің) нысанды киімі**

11. Салтанатты нысанды киім:

1) жазғы (14-сурет):

қара жусан түсті бас киім (шляпа) ;

сұр түсті екі қатар түймелі мундир және қара жусан түсті белдемше (полковниктер үшін);

бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті белдемше;

ақ түсті ұзын жеңді жейде;

қара түсті аяқ киім;

алтын түсті аксельбант;

алтын түсті белбеу;

қара жусан түсті галстук;

алтын түсті галстук қыстырғыш;

ақ түсті қолғап;

2) қысқы (14, 15 және 16-суреттер):

қара жусан түсті жылы күрте;

сұр түсті қаракөл құлақшын (полковниктер үшін);

қара жусан түсті құлақшын;

сұр түсті екі қатар түймелі мундир және қара жусан түсті белдемше (полковниктер үшін);

бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті белдемше;

ақ түсті ұзын жеңді жейде;

қара түсті аяқ киім;

алтын түсті аксельбант;

алтын түсті белбеу;  
қара жусан түсті галстук;  
алтын түсті галстук қыстырғыш;  
қара түсті жылы қолғаптар;  
қара жусан түсті кашне.

12. Күнделікті нысанды киім:

1) жазғы (17, 18 және 19-суреттер):

қара жусан түсті бас киім (шляпа) ;  
бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті белдемше;  
ақшыл жусан түсті ұзын жеңді жейде;  
ақшыл жусан түсті қысқа жеңді жейде;  
қара түсті аяқ киім;  
қара жусан түсті галстук;  
алтын түсті галстук қыстырғыш;  
қара жусан түсті бейсболка;  
қара жусан түсті қысқа және ұзын жеңді күртеше, қара жусан түсті белдемше (кеңсе формасы);

зәйтүн түсті футболка;

ақ түсті футболка;

2) қысқы (15, 16, 17, 18 және 19-суреттер):

қара жусан түсті жылы күрте;  
сұр түсті қаракөл құлақшын (полковниктер үшін);  
қара жусан түсті құлақшын;  
бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті белдемше;  
жеңіл жусан түсті ұзын жеңді жейде;  
қара түсті аяқ киім;  
қара жусан түсті галстук;  
алтын түсті галстук қыстырғыш;  
қара жусан түсті бейсболка;  
ұзын жеңді күрте және қара жусан түсті белдемше (кеңсе формасы);  
зәйтүн түсті футболка;  
қара түсті жылы қолғап;  
қара жусан түсті кашне.

13. Арнайы нысанды киім:

1) жазғы (20-сурет):

бүркеніш түсті күрте мен шалбар;  
зәйтүн түсті футболка;  
белгіленген түстегі қысқа қонышты аяқ киім;  
белгіленген түстегі биік қонышты аяқ киім;

бүркеніш түсті бас киім;

2) қысқы (21-сурет):

ұзартылған күрте және бүркеніш түсті шалбар (жартылай комбинезон) ;

зәйтүн түсті футболка;

қара түсті аяқ киім;

бүркеніш түсті бас киім;

бүркеніш түсті балаклава.

#### **4-тарау. Кіші басшы және қатардағы құрам қызметкерлерінің (ерлердің) нысанды киімі**

14. Салтанатты нысанды киім:

1) жазғы (22-сурет):

қара жусан түсті фуражка;

бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті шалбар;

ақ түсті ұзын жеңді жейде;

қара түсті аяқ киім;

алтын түсті аксельбант;

алтын түсті белбеу;

қара жусан түсті галстук;

алтын түсті галстук қыстырғыш;

ақ түсті қолғап;

2) қысқы (22 және 23-суреттер):

қара жусан түсті жылы күрте;

қара жусан түсті құлақшын;

бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті шалбар;

ақ түсті ұзын жеңді жейде;

қара түсті аяқ киім;

алтын түсті аксельбант;

алтын түсті белбеу;

қара жусан түсті галстук;

алтын түсті галстук қыстырғыш;

қара түсті жылы қолғап;

қара жусан түсті кашне.

15. Арнайы нысанды киім:

1) жазғы (24-сурет):

бүркеніш түсті күрте мен шалбар;

зәйтүн түсті футболка;

белгіленген түстегі қысқа қонышты аяқ киім;

белгіленген түстегі биік қонышты аяқ киім;

бүркеніш түсті бас киім;

2) қысқы (25-сурет):

ұзартылған күрте және бүркеніш түсті шалбар (жартылай комбинезон);

зәйтүн түсті футболка;

қара түсті аяқ киім;

бүркеніш түсті бас киім;

бүркеніш түсті балаклава;

қара түсті жылы қолғап.

#### **5-тарау. Кіші басшы және қатардағы құрам қызметкерлерінің (әйелдердің) нысанды киімі**

16. Салтанатты нысанды киім:

1) жазғы (26-сурет):

қара жусан түсті бас киім (шляпа) ;

бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті белдемше;

ақ түсті ұзын жеңді жейде;

қара түсті аяқ киім;

алтын түсті аксельбант;

алтын түсті белбеу;

қара жусан түсті галстук;

алтын түсті галстук қыстырғыш;

ақ түсті қолғап;

2) қысқы (26 және 27-суреттер):

қара жусан түсті жылы күрте;

қара жусан түсті құлақшын;

бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті белдемше;

ақ түсті ұзын жеңді жейде;

қара түсті аяқ киім;

алтын түсті аксельбант;

алтын түсті белбеу;

қара жусан түсті галстук;

алтын түсті галстук қыстырғыш;

қара түсті жылы қолғап;

қара жусан түсті кашне.

17. Арнайы нысанды киім:

1) жазғы (28-сурет):

бүркеніш түсті күрте мен шалбар;

зәйтүн түсті футболка;

белгіленген түстегі қысқа қонышты аяқ киім;

белгіленген түстегі биік қонышты аяқ киім;

бүркеніш түсті бас киім;

2) қысқы (29-сурет):

ұзартылған күрте және бүркеніш түсті шалбар (жартылай комбинезон);

зәйтүн түсті футболка;

қара түсті аяқ киім;

бүркеніш түсті бас киім;

бүркеніш түсті балаклава;

қара түсті жылы қолғап.

**6-тарау. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымы  
курсанттарының нысанды киімі**

18. Салтанатты нысанды киім:

1) жазғы (30-сурет):

қара жусан түсті фуражка;

бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті шалбар;

ақ түсті ұзын жеңді жейде;

қара түсті аяқ киім;

алтын түсті аксельбант;

алтын түсті белбеу;

қара жусан түсті галстук;

алтын түсті галстук қыстырғыш;

ақ түсті қолғап;

2) қысқы (30 және 31-суреттер):

қара жусан түсті жылы күрте;

қара жусан түсті құлақшын;

бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті шалбар;

ақ түсті ұзын жеңді жейде;

қара түсті аяқ киім;

алтын түсті аксельбант;

алтын түсті белбеу;

қара жусан түсті галстук;

алтын түсті галстук қыстырғыш;

қара түсті жылы қолғап;

қара жусан түсті кашне.

19. Арнайы нысанды киім:

1) жазғы (32-сурет):

бүркеніш түсті күрте мен шалбар;

зәйтүн түсті футболка;

белгіленген түстегі қысқа қонышты аяқ киім;

белгіленген түстегі биік қонышты аяқ киім;

бүркеніш түсті бас киім;

2) қысқы (33-сурет):

ұзартылған күрте және бүркеніш түсті шалбар (жартылай комбинезон);

зәйтүн түсті футболка;

қара түсті аяқ киім;

бүркеніш түсті бас киім;

бүркеніш түсті балаклава;

қара түсті жылы қолғап.

## **7-тарау. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің**

білім беру ұйымының курсант-қыздарының нысанды киімдері

20. Салтанатты нысанды киім:

1) жазғы (34-сурет):

қара жусан түсті бас киім (шляпа) ;

бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті белдемше;

ақ түсті ұзын жеңді жейде;

қара түсті аяқ киім;

алтын түсті аксельбант;

алтын түсті белбеу;

қара жусан түсті галстук;

алтын түсті галстук қыстырғыш;

ақ түсті қолғап;

2) қысқы (34 және 35-суреттер):

жылы күрте қара жусан түстері;

қара жусан түсті құлаққап;

бір қатар түймелі китель және күрең түсті жиектері бар қара жусан түсті белдемше;

ақ түсті ұзын жеңді жейде;

қара түсті аяқ киім;

алтын түсті аксельбант;

алтын түсті белбеу;

қара жусан түсті галстук;

алтын түсті галстук қыстырғыш;

қара түсті жылы қолғап;

қара жусан түсті кашне.

21. Арнайы нысанды киім:

1) жазғы (36-сурет):

бүркеніш түсті күрте мен шалбар;

зәйтүн түсті футболка;

белгіленген түстегі қысқа қонышты аяқ киім;

белгіленген түстегі биік қонышты аяқ киім;

бүркеніш түсті бас киім;

2) қысқы (37-сурет):

ұзартылған күрте және бүркеніш түсті шалбар (жартылай комбинезон);

зәйтүн түсті футболка;

қара түсті аяқ киім;

бүркеніш түсті бас киім;

бүркеніш түсті балаклава;

қара түсті жылы қолғап.

### **3-бөлім. Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің нысанды киімін кию қағидалары**

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

22. Қызметкерлердің нысанды киімдерінің маңызды белгілері түстер мен конструкциясы, сондай-ақ айырым белгілері мен сәндік элементтердің, оның ішінде погондар мен фурнитуралардың үйлесімі болып табылады.

23. Қызметкерлер нысандық киімді:

1) салтанатты – салтанатты рәсімдерді орындау кезінде салтанатты іс-шараларды өткізу кезінде, шерулерге қатысу, қызметкерлерге мемлекеттік, ведомстволық наградалар тапсыру және арнаулы атақ беру, ант қабылдау кезінде, салтанатты сапқа тұру, мемлекеттік және кәсіптік мереке күндерінде, қаза тапқан қызметкерлердің ескерткіштері мен қабірлеріне гүл шоқтарын қою кезінде;

2) күнделікті – күнделікті қызмет атқару кезінде, қызметтік кеңестер мен жиналыстарда, ведомствоаралық жұмыс отырыстарында, қызметтік мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеу кезінде;

3) арнаулы – төтенше жағдайларды жою бойынша іс-шараларды жүргізу кезінде, оқу-жаттығуларда, жауынгерлік және жедел кезекшілікте, оқу орталықтарындағы сабақтарда, жауынгерлік техникамен сабақтарда, арнайы міндеттерді орындау кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің (бұдан әрі - Министр) немесе астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар аумақтық органдары басшыларының нұсқауы бойынша күнделікті қызмет кезінде киеді.

**Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 16.06.2026 № 224 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Арнайы нысанды киімді қатардағы және кіші басшы құрамның қызметкерлері, сондай-ақ курсанттар күнделікті қызмет атқару кезінде киеді.

25. Нысанды киім заттарының егжей-тегжейлі техникалық сипаттамаларын, пайдаланылатын маталар мен материалдарды, олардың құрамдарын, түстері мен мазмұнын ТЖМ тылдық қамтамасыз ету бөлімшесі ТЖМ мүдделі бөлімшелерімен

бірлесіп, нысанды киімнің әрбір затына тікелей техникалық сипаттама түрінде айқындайды.

26. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде қызметкерлер үшін нысанды киім кию міндетті болып табылады және осы Қағидалардың талаптарымен регламенттеледі.

27. Саптық байқауларға, сапқа тұруларда, қызметтік кеңестер мен жиналыстарға арналған нысанды киімді осы іс-шараларды өткізуге жауапты лауазымды адамдар жариялайды.

28. Аттестаттаудан өтуге арналған нысанды киім (кезекті, жоспардан тыс және кезектен тыс):

жоғары, аға және орта басшы құрам үшін – күнделікті китель және шалбар/белдемше;

қатардағы және кіші басшы құрам үшін- арнайы нысанды киім.

29. Жазғы немесе қысқы нысанды киімге көшу Министрдің бұйрығымен белгіленеді.

30. Қызметкер басқа гарнизонда уақытша болған кезде осы гарнизон үшін белгіленген маусымдық нысанды киім киіледі.

31. Бұрын қолданыста болған нысанды киімдерді кию мерзімдері өткенге дейін және жаңа үлгідегі нысанды киімді ұқсас заттармен қамтамасыз еткенге дейін киюге жол беріледі.

32. Киімдерді:

1) өзгертілген және (немесе) белгіленбеген үлгілердің нысанды киім заттары мен айырым белгілерімен киюге;

2) қызметтің ерекшелігі мен маусымдылығын ескере отырып, нысанды киімдерді ( жаңа үлгідегі нысанды киіммен ескі үлгідегі нысанды киімді және басқа да киім киюдің ықтимал нұсқаларын), сондай-ақ азаматтық және арнайы нысанды киіммен араластырып киюге;

3) қызметтік міндеттерін атқару кезінде азаматтық киімді киюге;

4) ашық түсті сөмкелерді ұстауға;

5) жарқыраған, тартымды әшекейлер тағуға;

6) қысқы және өзге де сыртқы киімдерді нысанды киім-кешек үстінен киюге;

7) жыртылған, ластанған, түсі оңған және мойны созылған қыртысталған және белгіленбеген түстегі нысанды киімдерді киюге;

8) қызметкердің АҚО әкімшілік ғимараттары мен бөлімшелерінің аумағынан тыс жерде бас киімсіз жүрулеріне;

9) денеге жабысып, тартылып, тырысып тұратын, қысқартылған және т.б. нысанды киімді киюге;

10) АҚО қамтамасыздандыруына кірмейтін тұлғалардың айырым белгілері және ( немесе) рәміздері бар киім, сондай-ақ нысанды киім мен арнайы киім-кешек киюлеріне;

11) ТЖМ келісімінсіз әртүрлі іс-шараларда айырым белгілері және (немесе) рәміздері бар киімдер, сондай-ақ азаматтық тұлғалардың нысанды киімдері мен арнайы киім-кешектерін киюге жол берілмейді.

33. Нысанды киім таза және үтікелген болуы керек. Сыртқы және ойылған қалталардың клапандары сыртқа шығарылады. Нысанды киімді азаматтық киіммен араластыруға және нысанды киімнің белгіленбеген түрлерін киюге жол берілмейді.

34. Нысанды киімді қызметтік үй-жайларда сақтауға тиісті сақтау жағдайларын қамтамасыз ететін шкафтарда (бар болса) немесе гардеробтарда сақтауға рұқсат етіледі.

## **2 тарау. Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің жекелеген нысанды киімдерін кию**

### **1-параграф. Бас киімдер**

35. Белгіленген киім нысандарына сәйкес бас киімдерді:

1) салтанатты фуражка – ақ түсті ұзын жеңді жейдесі бар салтанатты мундирмен, кительмен, жылы күртемен;

2) күнделікті фуражка – кительмен, жылы күртемен, ашық жусан түсті ұзын және қысқа жеңді жейдемен;

3) бейсболка – қысқа және ұзын жеңді күртемен (кеңсе формасы), жылы күртемен;

4) қаракөлден жасалған құлақшын (жоғары басшы құрам мен полковниктер үшін) – жылы күртемен;

5) құлақшын – жылы күртемен;

6) бас киім (шляпа) – салтанатты мундирмен, кительмен, жылы күртемен, ақ түсті ұзын жеңді жейдемен, ақшыл жусан түсті ұзын және қысқа жеңді жейдемен;

7) бүркеніш түсті бас киім – арнайы нысанды киіммен киюге рұқсат етіледі.

36. Барлық бас киімдер қисайтылмай тіке киіледі, ал төменгі жиегі қастардың үстінде бір немесе екі саусақ көлденең, ал фуражканың күнқағары мен бейсболка қас деңгейінде болатындай етіп киіледі. Кокарданың ортасы мұрын сүйегінің үстінде болуы керек.

37. АҚО әкімшілік ғимараттарының ішінде, көлік құралдарында бас киімсіз нысанды киім киюге жол беріледі.

38. Шешілген бас киімдер артқы жағымен ілгішке ұқыпты ілінеді, сөреге, қолайлы жиһаздың бетіне қойылады немесе сол қолында көлденең күйде ұсталынады.

### **2-параграф. Сыртқы киім**

39. Жылы күртешені ауа райына сәйкес ішкі қабатынсыз (ішкі күртеше) киюге рұқсат етіледі.

40. Жылы күртешені немесе оның ішкі қабатын (ішкі күртешені) жазғы және қысқы уақытта тиісті ауа райы жағдайларында салтанатты және күнделікті нысанды киіммен киюге рұқсат етіледі.

41. Жылы күртеше желден қорғайтын клапанмен "сыдырғымен" бекіткішіне салынады. Желден қорғайтын клапан оң жақтағы барлық түймелерге, қызметкерлерде (курсанттарда)-әйелдерде – сол жаққа жасырын бекіткішпен салынады.

42. Жылы ауа райында жылы күртешені үстіңгі түймені салмай және (немесе) күләпарасыз киюге рұқсат етіледі.

43. Шешілген күртешелер ілгішке ілмек арқылы ұқыпты ілінеді немесе ішкі жағына қарай ұқыпты бүктілген күйде, сол қолда ұсталады.

44. Шалбары/белдемшесі бар салтанатты мундир немесе китель салтанатты галстукпен, фуражкамен және аксельбантпен ақ түсті жейдемен киіледі және барлық түймелері оң жаққа, әйел-қызметкерлерде (курсанттарда) - сол жаққа түймеленеді.

45. Шалбар/белдемшесі бар күнделікті китель ұзын жеңді ашық жусан түсті жейдемен, галстукпен және фуражкамен киіледі және барлық түймелері оң жаққа, әйел-қызметкерлерде (курсанттарда) - сол жаққа түймеленеді.

46. Ұзын немесе қысқа жеңді күртеше және шалбар/белдемше (кеңсе формасы) зәйтүн түсті футболкамен және төсбелгілермен (сыныптық біліктілік, білім беру белгісі және марапаттар жолағы) және погондармен жабдықталған бейсболкамен киіледі.

47. Қызметтік кабинетте келушілер болмаған кезде ұзын немесе қысқа жеңді күртешелердің шалбарымен/белдемшемен (кеңсе нысаны) зәйтүн түсті футболкаларда болуға рұқсат етіледі.

48. Арнайы нысанды киім зәйтүн түсті футболкамен және бүркеніш түсті бас киіммен киіледі. Ыстық ауа райында (+20 °C) күртешенің жеңдерін шынтақ бүктемесінен 2 – 4 сантиметрге (бұдан әрі - см.) жоғары қайыруға рұқсат етіледі.

### **3-параграф. Жейделер, галстук, футболка және қолғап**

49. Жейделердің барлық түймелері оң жаққа, әйел-қызметкерлерде (курсанттарда) сол жаққа түймеленеді және погондармен және галстукпен тағылады. Мундирді, кительді киген кезде жейденің жағасы артқы жағында мундир жағасының, кительдің жоғарғы жиегімен бір деңгейде орналасады немесе оның үстінен 0,5 см. жоғары емес шығып тұрады.

50. Ыстық ауа райында (+20 °C) жейделерді футболкаларсыз, футболканың орнына майка киюге рұқсат етіледі.

51. Жейделерді:

1) ұзын жеңді ақ түсті жейдені – жазғы салтанатты нысанды киім кезінде, салтанатты фуражкамен, бас киіммен (шляпасы) және күрең түсті жиектері бар шалбармен/белдемшемен, галстукпен және қысқышпен;

2) ашық жусан түсті қысқа жеңді күнделікті – жазғы күнделікті нысанды киіммен, күнделікті фуражкамен, бас киіммен (шляпамен) және күрең түсті жиектері бар шалбармен/ белдемшемен, галстуксыз;

3) ашық жусан түсті ұзын жеңді күнделікті – күнделікті нысанды киіммен, күнделікті фуражкамен, бас киіммен (шляпамен) және күрең түсті жиектері бар шалбармен/белдемшемен, галстукпен және қысқышпен киюге рұқсат етіледі.

52. Жейделер белгіленген үлгілер мен түстерде, таза, тура келтірілген және үтіктелген, дұрыс таңдалған погондармен киіледі. Өңсіз және үтіктелмеген жейделерді, деформацияланған және ластанған погондары бар жейделерді киюге, сондай-ақ жейденің артқы және алдыңғы жақтарына сызықтар салуға жол берілмейді.

53. Галстук ақ немесе ақшыл жусан түсті ұзын жеңді жейдемен киіледі және алтын түсті қысқышпен, үстіңгі жағындағы үшінші және төртінші түймелердің арасына бекітіледі. Галстук әрқашан таза киіледі. Өңсіз және қыртысталған галстук тағуға жол берілмейді.

54. Футболка:

ақ түсті футболка - ақшыл жусан түсті қысқа жеңді күнделікті жейденің астына;

зәйтүн түсті - қара жусан түсті ұзын немесе қысқа жеңді күртешенің астына (кеңсе формасы), бүркеніш түсті арнайы нысанды киім астына киіледі.

55. Салтанатты қолғаптар салтанатты нысанды киімнен киіледі. Қара түсті қолғаптар жылы күртешемен киіледі, сондай-ақ суық мезгілде қара жусан түсті ішкі күртешемен киюге рұқсат етіледі.

Сәлемдесу кезінде қолғаптарды шешпейді. Жылы ауа райында қысқы киім киген кезде қолғап кимеуге рұқсат етіледі.

Азаматтық үлгіде, сондай-ақ қара түсті былғарыдан жасалған қолғапты киюге рұқсат етіледі.

#### **4-параграф. Аяқ киім, шұлық, әйелдердің шұлығы және колготкілер, белбеу, аксельбант**

56. Нысанды киім киген кезде аяқ киім белгіленген үлгіде, жөндетілген және үнемі тазаланған күйде киіледі. Ұзын қонышты бәтеңке толық байланған болуы қажет. Үстіңгі жағы сырылған немесе өкшесі тозған аяқ киімді киюге жол берілмейді.

57. Ұқсас дизайндағы және белгіленген үлгідегі материалдан жасалған азаматтық аяқ киімді (баусыз) киюге рұқсат етіледі.

58. Нысанды аяқ киіммен қара (қара) түсті, ұзын қонышты, өрнектерсіз, жазуларсыз, суреттерсіз және т. б. шұлықтар киіледі.

59. Әйелдер денемен түстес шұлықтар/колготкалар киеді, өрнектері, суреттері және басқа түстері бар торлы шұлықтар/колготкалар киюге жол берілмейді.

60. Салтанатты белбеу мундирде, салтанатты кительдердің алдыңғы жағынан жоғарыдан үшінші түйме тұсына тағылады. Белдіктің ілгегі киген кезде алдыңғы жағында ортасында болады.

Дегенмен саптан тыс мундирде (жоғары басшы құрам) салтанатты белбеу тағылмайды.

61. Аксельбант салтанатты нысанды киіммен (форма және салтанатты китель) киіледі және оң жақ погонның астына бекітіледі.

Аксельбант таңғышының бірінші бауының шеті жеңге бағытталған погонның шетінен 5 миллиметр (бұдан әрі – мм.) қашықтықта тігіледі, баудың өзі жеңнің астынан өтеді. Баулардың қалған бөлігі ілмекке және төменгі жағаның түбіне тігілген түймеге бекітіледі. Бұл жағдайда ілмек астыңғы жаға асытынан көрінбеуі керек, ал ұштықтың ұшы жоғарыдан екінші түйменің жоғарғы бөлігінің деңгейінде болуы керек.

Аксельбантты:

- 1) жоғары, аға және орта басшы құраммен – екі ұшы бар алтын түспен;
- 2) қатардағы, кіші басшы құрам, курсанттар – бір ұшы бар алтын түспен тағады.

Бұл ретте саптан тыс мундирде (жоғары басшы құрам) аксельбант киілмейді.

### **3-тарау. Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің нысанды киімдерінің ерекшелік және айырым белгілері**

#### **1-параграф. Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің нысанды киімдерінің айырым белгілері (погондар, жеңдік және айырым төсбелгілері)**

62. Тігілген погондар салтанатты мундирге тағылады (38, 39, 40, 41, 42, 43 және 44-сурет).

